

"Қазхром" трансұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 шілде N 1013

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазхром" трансұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазхром" ТҰК) директорлар кеңесінің "Қазхром" ТҰК-ны, кейіннен қосылатын акционерлік қоғамдар мүлкінің базасында "Қаххром" ТҰК-ның филиалдарын құра отырып, оған "Дөң тау-кен байыту комбинаты" және "Феррохром" акционерлік қоғамдарын қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазхром" ТҰК акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру кезінде

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген "Қазхром" ТҰК директорлар кеңесінің ұсынысын қолдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. "Қазақстан Республикасы хром өнеркәсібінің кәсіпорындарын жекешелендірудің жеке тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1420

P951420_

қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰКЖ-ы, 1995 ж., N 34, 432-құжат) 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшінен енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК